



Кеңес Хатшылығының өкілімен кездесті

Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) Хатшылығының атқарушы директоры, елші Гун Цзяньвэйді қабылдады, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.

Қ.Тоқаев елші Гун Цзяньвэйдің Хатшылық жұмысына қосқан үлесін атап өтіп, осы форумда төрағалық еткен мерзім ішінде АӨСШК-ні тиімді қолдағаны үшін Қытай тарапына алғыс білдірді.

Сенат Төрағасының айтуынша, ҚХР-дің қосқан елеулі үлесінің арқасында АӨСШК аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралына айналып, өзінің өміршеңдігін көрсетті және Азия мемлекеттерін жаһандық сенім шараларының жүйесіне тартудың



маңызды факторы бола алды. Форумның 2014 жылғы 20-21 мамырда Шанхай қаласында өткен саммиті және 2016 жылғы 28 сәуірдегі министрлердің кездесуі АӨСШК қызметіндегі маңызды оқиғалар болды.

«Сіз АӨСШК Хатшылығының атқарушы директоры лауазымын атқарған кезеңде форум қызметінің мазмұнын толықтыру және кеңінен жария ету жөнінде серпінді шаралар өтті», – деді Қ.Тоқаев.

Инвесторларды тарту мәселелеріне арналды

Үкімет үйінде Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі Үкіметтік кеңестің отырысы өтті, онда Ұлттық инвестициялық стратегияны іске асыру мәселелері қаралды, деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Отырыс барысында Ұлттық инвестициялық стратегияны іске асыру және еліміздегі инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту мәселелері қаралды. Атап айтқанда, Инвестициялар және даму министрлігінің инвестициялар саласындағы үш тілді нормаларды шығару қызметіне көшуге, инвесторларды мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шараларын жетілдіру мен оңтайландыруға, инвестициялық омбудсмен қызметінің тиімділігіне кешенді зерттеу жүргізуге, Қазақстанда инвесторлардың құқықтарын



қорғаудың институттық тетіктері мен саясатын іске асыруға қатысты тәсілдері, сондай-ақ инвесторлардың құқықтарын қорғауды жетілдіру мен халықаралық сауда-саттық жағдайларын жақсарту мен логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі ұсыныстар қаралды.

Шараға орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, сонымен қатар бейнеконференция байланысы режимінде бірқатар өңірлер мен республикалық маңыздағы қалалардың әкімдері қатысты.

Б.Сағынтаев кеңес қорытындысы бойынша өңірлер әкімдерінің тарапынан инвестициялық жобалар бойынша айтылған ұсыныстарды пысықтауды тапсырды.

Бақылау жұмыстары Премьер-Министрдің бірінші орынбасары А.Маминге жүктелді.